

## Чех Республикасының кредиті туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1995 жылғы 26 желтоқсан N 1860

Қазақстан Республикасы мен Чех Республикасы арасындағы сауда-экономикалық байланыстарды кеңейту, чех жағымен кооперация негізінде Қазақстан кәсіпорындарының өндірістік базасын дамыту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі жанындағы Шетел капиталын пайдалану жөніндегі комитетке Қазақстан Республикасының Экономика министрлігімен, Өнеркәсіп және сауда министрлігімен, мемлекеттік Экспорт-импорт банкімен бірлесіп, кредит беру шартын келісу жөнінде чех жағымен келіссөз жүргізу тапсырылсын.

2. Келіссөз нәтижесі жөнінде Қазақстан Республикасының Үкіметіне

келісілген ұсыныс енгізісін.

3. "Чех Республикасы Үкіметінің кредитін тарту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 14 шілдедегі N 793 В қаулысының күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
бірінші орынбасары